Мургабаев Сагынбай Серикбаевичтің
6D020800-«Археология және этнология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Үлкен Қаратау петроглифтері» тақырыбындағы диссертациясына

АҢДАТПА

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыста Үлкен Қаратау жотасында автордың 1998-2020 жылдар аралығында ашып зерттеген жартас суреттерінің жалпы сипаттамасы және де оларды мерзімдеудің қазіргі заман талабына сай ғылыми талдамасы жасалынады. Жартас суреттерінің әр тарихи кезеңдерге тән басты образдары мен сюжеттерінің тақырыптық желісіне қарай олардың ішкі мазмұны мен мағыналық сипаты ашылып, осы аймақты мекендеген ежелгі халықтардың дүниетанымы мен мифологиясына байланысты мәселелер тарихи сабақтастық тұрғысынан зерттеледі.

Тақырыптың өзектілігі. Қаратаудың жжартас суреттерін археологиялық тұрғыдан толық қанды зерттелуі өткен ғасырдың 70 - жылдарынан басталды және олардың басым бөлігі Қаратаудың теріскейіндегі шағын аудан ғана болатын.

Қаратау жотасы Тянь-Шянь тау жүйесінің бір сілемі болып саналатын Қаратау жотасы еліміздің батыс бөлігіне қарай 420 км созылып жатқан ерекше табиғи аймақ. Ол оңтүстігінде Сырдария алқабы мен Қызылқуммен, яғни ежелден қалалық және отырықшы мәдениет ошақтарымен шектесіп жатса, солтүстігінде ежелгі металлургтер мен көшпелі мәдениет ошақтардың тоғысатын, араласатын тарихы санқырлы аймақ болып саналады. Диссертацияға материал жинау барысында 1998-2020 жылдары, бұрын ғылымда белгісіз болып келген 70 – тен астам петроглифтер шоғырының жаңа орындарды аштық. Зерттеу барысында осы көлемді және аса құнды деректерді ғылыми түрде сұрыптап, топтау және олардың мазмұны мен мағынасын ашу проблемалары туындады.

Жартас суреттері әр тарихи кезең мен аймақтың ежелгі тұрғындарының өмірінен – шаруашылығы, әдет-ғұрпы мен мифологиялық дүниетанымынан сыр шертетін археологиялық дерек көзі болып табылады, сондай-ақ ежелгі кезеңдерде болуы ықтимал мәдени, саяси ықпалдар мен қарым-қатынастардың ашып көрсетуге септігін тигізетін ақпараттық құндылығы жоғары дерек көзі. Өткен ғасырдың 70-ші жылдарынан бергі уақытта тек қана біз қарастырып отырған аймақтың ғана емес, сондай-ақ ежелгі өнер туындыларының бұл түріне байланысты мәліметтер легі құрлықтың басқа бөліктерінде де көбейіп отыр. Сондықтан жаңа материалдардың негізінде бұрыннан қалыптасқан жартас суреттерін мерзімдеу мәселесіне толықтырулар енгізудің қажеттілігі туып отыр. Кейде зерттеушілердің ежелгі кезең, дәлірек айтсақ қола және ерте темір кезеңіндегі, бейнелеу өнерінің пайда болуы мен таралуына байланысты мәселеде, аталмыш аймақты екінші кезекте қарастыруы ауданның бейнелеу өнеріне байланысты материалдардың жарияланбағандығынан, толыққанды зерттелмегендігінен болар деп ойлаймын. Мысалы, бұған дейінгі аймақтың ең ежелгі жартас суреттері жасы б.з.д. II м.ж. 2 жартысы деп көрсетілген болса, жаңа материалдар негізінде олардың алғашқылары б.з.д. III м.ж соңы мен б.з.д. II м.ж. басы екендігі анықталып отыр. Сонымен қатар бірнеше мыңдаған жартас суреттері арасынан осы аймақтарға тән, жергілікті бейнелеу үрдісінің негізінде дамыған образдар мен сарындарды бөліп көрсетіп, олардың пайда болуы мен даму кезеңдерін ашып көрсетуге мүмкіндік туып отыр. Осы сараптаманың негізінде көршілес аудандармен болған байланыстардың кезеңдерін ашып көрсету барысында өлкенің ғылыми тұжырымдалған тарихи-мәдени келбеті ашылады. Жаңа сюжеттер мен көріністердің негізінде олардың ішкі мәні мен семантикасын талдауды жаңа қырынан қарастырып, ежелгі тұрғындардың рухани өміріндегі дүниетанымы мен мифологиялық түсініктерін бәз қалпында түсіндіруге, сондай-ақ кейінгі кезеңдермен арадағы рухани сабақтастықты ашып көрсетуде құнды мағлұмат болып табылатындықтан, бұл

тақырыпты зерттеу өзекті болып табылады. Бұл жинақталған жартас суреттеріндегі жаңа мәліметтер еліміздің Евразия құрлығындағы тарихи орнын айқындай түседі.

Зерттеу жұмысының негізгі нысаны ретінде Үлкен Қаратау жотасының жартас бетіне тас не металл қарулармен қашалып немесе сызып салынған, қола, ерте темір және ортағасырлық кезеңдердің суреттері қарастырылады.

Зерттеу жұмысының пәні. Жартас бейнелеу өнері, оның сюжеттері, сарындары мен образдары қарапайым, адам баласының жай ғана сурет салуға деген құмарлығы ғана емес. Әрбір бейне, көрініс, әдіс, мәнер адам санасының ерекшеліктерінен туындаған терең құбылыс. Жартасқа бейнелеу өнері ежелгі адамдардың рухани дүниесінің, өмірлік тәжірибиесінің, болмысқа, жаратылысқа деген ой-түйсігіндегі дүниетанымдық көзқарастың нәтижесі. Ол ежелгі тұрғындардың заттай мәдениетінің дамуын, шаруашылық саласындағы өзгерістерді, этномәдени сипатын, өмір салтын ашып көрсетеді. Сондықтан да аталмыш ауданның жартас суреттерін әр кезеңнің өзіне тән ерекшеліктері мен ұқсастықтарын ашып, талдап және мәндерін түсіну арқылы мол мағлұматтар алу зерттеу жұмысының пәні болып саналады.

Зерттеу жұмысының мақсаты. Қаратау жотасының жартас суреттерінің осы күнге дейінгі зерттелу тарихына толық шолу жасау; археологияның петроглифтану саласындағы зерттеулердің, құжаттаудың бұрыннан қалыптасқан және заманауи әдістемелік мәселелеріне шолу жасап, ой-пікірлердің қалыптасуын талқылау; Өңірдегі соңғы жылдары анықталған жартас суреттеріне байланысты материалдарды жинақтап, талдау жасау; аймақтың тасқа салынған суреттерінің басқа аймақтармен ұқсастықтары мен ерекшеліктерін ашып көрсету; жинақталған материалдардың негізінде аймақтың жартас суреттеріндегі хронологиялық шеңберлерін бөліп көрсету; Қаратау аймағына тән бейнелердің пайда болуы мен даму кезеңдерін анықтау; Қаратау жотасы мен іргелес аймақтардың жартас суреттерінің бейнелеу үрдісінің сақ-скиф кезіңінің аң стиліне қосқан үлесін ашып көрсету; бейнелер мен көріністерге сараптама жасай отырып ішкі мағынасын, семантикасын ашып көрсету; басқа аймақтарға тән болуы ықтимал байланыстар мен ықпалдарын ашып көрсету зерттеудің мақсаты болып табылады.

Зерттеу жұмысының мақсатына сай төмендегі **міндеттер** қойылды:

- Үлкен Қаратаудың жартас суреттерінің зерттелу деңгейіне шолу жасау;
- жартас суреттерін зерттеу жұмыстарының әдістік-әдістемелік мәселесіндегі бұрыннан қалыптасқан эмпирикалық және жаңаша заманауи зерттеулерге тоқталып, олардың қарастырылып отырған аймаққа қаншалықты тиімділін ашып көрсету;
- Үлкен Қаратау жотасының жартас суреттері бар ескерткіштердің зерттелу деңгейі мен тарихи-географиялық шағын аймақтарға бөліп қарастыру, толық сипаттамасын келтіру;
- аймақтың жартас суреттері арасында қола, ерте темір, ортағасырлық бейнелерді жеке топтастырып қарастыру;
- көрші өлкелердің бейнелеу өнерімен (соның заттай деректерді қоса) салыстырмалы түрде аймақтың ежелгі жартас суреттерінің пайда болу кезеңдеріне толықтырулар енгізіп, мерзімдік шегараларын бөліп көрсету;
- аймақтың жартас суреттеріне саралау негізінде ежелгі кезеңдер арасындағы тарихи сабақтастықты ашып көрсету;
- аймақтың жергілікті үрдісте дамыған өзіне тән бейнелеу үлгісін анықтау;
- Қаратау петроглифтеріндегі негізгі сарындар мен стилистикалық түрғыдан сақ-скиф өнеріндегі аң стилінің қалыптасуына қосқан үлесін ашып көрсету;
- алынған мағлұматтар нәтижесінде ежелгі тұрғындардың рухани дүниетанымын қайта жаңғыртып, ежелгі, ортағасырлық мәтіндер, этнографиялық материалдармен салыстыра отырып тарихи сабақтастықты ашып көрсету.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.

1. Үлкен Қаратау жотасында соңғы оншақты жылдың көлемінде ХҚТУ археология ғылыми-зерттеу орталығының археологиялық экспедициясының барлау,

зерттеу жұмыстары барысында автордың қатысуымен 70 - ке жуық жартас суреттері бар ескерткіштердің жаңа орындары анықталып отыр. Осы ескерткіштердің арасынан диссертацияға төрт табиғи-географиялық аймаққа бөліп қарастырылған Қаратаудың әр аймағынан жалпы 25 ескерткіш таңдалып ғылыми айналымға енгізілді.

2. Таңдалған нысандардың қазіргі таңдағы тарихи топографиясын кешенді түрде көрсету мақсатында жартас суреттері бар ескерткіштердің таралу аймағын айқындайтын топокарта жасалды.

3. Жартас суреттерін зерттеу жұмыстарының әдістік-әдістемелік мәселесіндегі бұрыннан белгілі және жаңаша заманауи зерттеулерге тоқталып, бұл ескерткіш түрін іздестіру, тіркеу, құжаттау, мерзімін анықтау сияқты бірнеше сатылы зерттеулердің қарастырылып отырған аймаққа тиімділін ашып көрсеттік;

4. Аймақтың қазіргі таңға дейінгі қалыптасқан б.з.д. II м.ж. ортасы деп көрсетілген хронологиялық шегараларына, анықталған жаңа материалдардың негізінде ауданның ең ежелгі бейнелерінің мерзімдік көрсеткіштеріне б.з.д. III м.ж. соңы мен б.з.д. II м.ж. басы деген толықтырулар енгізіліп отыр.

5. Мерзімдік сараптаманың негізінде қола, ерте темір, ертеортағасырлық кезеңдерінде аталмыш ауданмен басқа аймақтардың арасындағы байланысты жартас суреттерінің материалдары арқылы анықтап көрсету.

6. Әр кезеңнің бейнелерін сараптама жасау барысында жергілікті үрдісте дамыған тек қана осы аймақтарға тән, қола дәуірінен бастап тарихи сабақтастықты сақтай отырып кейінгі кезеңдерде кеңінен тараған «ойсыл қара» стилінің ерекшеліктері көрсетілді.

7. Үлкен Қаратаудың жартас суреттері өз бастауын қола дәуірінен алатын кейбір образдар мен стилистикалық өзгерістерді саралай отырып сақ-скиф өнеріндегі аң стилінің қалыптасуына қосқан үлесі көрсетілді;

8. Бұған дейінгі ауданның жартасқа бейнелеу ескерткіштерінде қарастырылмаған ортағасырлық кезеңге тән бейнелері бөліп көрсетіліп отыр.

9. Жартас суреттерінде кездесетін кейбір көріністерді ежелгі және ортағасырлық мифологиялық мәтіндермен, сондай-ақ бірқатар этнографиялық материалдарымен жаңа қырынан салыстыра отырып, сараптап, аймақтың ежелгі тұрғындарының рухани дүниетанымына байланысты мәліметтер алу.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Жартас суреттері бар нысанның қарастырылып отырған аймақ көлемінде әлі де болса толық зерттелмегендігін көріп отырмыз. Мағлұматтар саны көбейген сайын олардың бізге берер ақпараттық мәліметтері де көбейе түсетіндігі заңдылық. Әсіресе қола дәуірі мен ерте көшпенділер кезеңіне байланысты ескерткіштер саны өте көп. Қола және ерте темір дәуірінің жартас суреттерінің мерзімдік шекараларын ашып көрсетуде соңғы жылдары анықталған жерлеу орындарындағы қазба жұмыстарының нәтижелерімен кешенді түрде бірге қарастыра зерттеу өлкенің ежелгі кезеңдерге байланысты тарихи бетпердесін қалпына келтіруге мүмкіндік беріп отыр.

2. Археология саласының ішіндегі петроглифтану бағыты салыстырмалы түрде кейінірек дамыды. Оны зерттеу барысындағы жұмыстарының әдістік-әдістемелік мәселелері де әркелкі. Олардың кейбірі заман талабына сай келмей тоқтатылып жатқанымен, ғылым мен техниканың дамуына байланысты жаңаша заманауи пәнаралық зерттеулермен толықтырылып отырғандығын көреміз. Дегенмен де табиғи аймақтық тау қыртыстарының ерекшеліктері және т.б. сантүрлі факторларға байланысты зерттеу әдістері барлық жағдайда тиімді бола бермейді. Міне сол бірнеше сатылы зерттеулердің қарастырылып отырған аймаққа қаншалықты тиімді екендігін барынша ашып көрсеттік.

3. Қаратау жотасының табиғи ерекшеліктері ежелгі халықтардың шаруашылығына, тұрмысына, діни наным-сенімдеріне т.б. көптеген фаторларға ықпал ететіндігі белгілі. Сондықтан Үлкен Қаратау жотасын Солтүстік-батыс, Орталық, Оңтүстік-шығыс және Солтүстік сілемдері деп төрт табиғи-географиялық ауданға бөліп қарастырдық.

4. Жартас суреттері археология саласындағы зерттелуі қиын нысандардың бірі. Аймақтың жартасқа бейнелеу өнеріндегі жергілікті үрдісте немесе миграциялық, саяси не мәдени ықпалдардың нәтижесінде қалыптасқан айырмашылықты ашып көрсету, кейбір элементтердің шығуы мен таралуын айқындау ежелгі ықпалдар мен байланыстардың уақытын межелеуге мүмкіндік береді.

5. Қаратаудың 70 - жылдарда жинақталған материалдардың негізінде жасалған аймақтың жартас суреттерінің ең ежелгі бейнелерінің б.з.д. II м.ж. ортасы деген мерзімдеу көрсеткішінің жаңа деректер мен оларға жасалған сараптаманың негізінде б.з.д. III м.ж. соңы мен б.з.д. II м.ж. басы екендігі айқындалып отыр.

6. Жартас суреттерінің стильдік, мәнерлік ерекшеліктеріне сараптама жасай келе, осы ауданға ғана тән жергілікті үрдісте дамыған «ойсыл қара» стилін бөліп көрсетіп, олардың пайда болуы мен қалыптасу кезеңдері сабақтастық тұрғысында анықталды.

7. Үлкен Қаратаудың жартас суреттерінде қола дәуірінде қалыптаса бастаған кейбір сюжеттер мен образдар өзінің тақырыптық ерекшеліктерін сақтай отырып стилистикалық өзгеріске ұшырай бастайды. Бұл ерешелік сақ-скиф өнеріндегі аң стилінің қалыптасуына қосқан үлесін ашып көрсетуге мүмкіндік беріп отыр.

8. Ауданның ортағасырларға тән жаңа деректермен толықтырылуы жартас суреттерінің деректік құндылығын арттырып отыр. Ортағасырлық таңбалар, аңшылық, шаруашылық тақырыбындағы мәселелер жазба деректер мен этнографиялық материалдар арқылы қарастырылып, кейбір этникалық топтардың шегаралырын айқындап көрсетіуге мүмкіндік юеруге жіне еліміздің бейнелеу өнерінің ескерткіштерін толықтыра түседі.

9. Аймақта кездесетін кейбір көріністер мен бейнелерді ежелгі және ортағасырлық мифологиялық мәтіндермен, бірқатар этнографиялық материалдарымен жаңа қырынан салыстыра отырып сараптап, аймақтың ежелгі тұрғындарының рухани дүниетанымына байланысты мәліметтер алынды. Алынған мәліметтерді теориялық-практикалық тұрғыда қолдану зерттеу жұмысының негізі болып табылады.

Зерттеу жұмысының әдістемелік негіздері. Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан Үлкен Қаратау жотасын жеке аймақ ретінде қарастырғандықтан жартас суреттерін топтау, жүйелеу диссертациялық жұмыстың негізгі зерттеу әдісі ретінде тарихи салыстырмалы талдау таңдалды.

Зерттеу жұмысының мерзімдік шеңбері. Диссертацияның мерзімдік шеңбері қола дәуірінен, яғни б.з.д. III м.ж. соңы мен б.з.д. II м.ж. бастап, ерте темір мен кейінгі ортағасырлық кезеңдерді қамтып отыр.

Зерттеу жұмысының территориялық шеңбері. Үлкен Қаратау жотасы оңтүстік-шығыстан, солтүстік-батысқа 420 км шамасында созылып жатыр және Қазақстанның оңтүстік бөлігіндегі үш облыстың аймағында (Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстары) орналасқан. Диссертацияға енгізілген ескерткіштер шартты түрде төрт аймаққа бөліп қарастырылды: Солтүстік-батыс; Орталық Қаратаудың күнгей бөлігінің; оңтүстік-шығысында; Қаратаудың солтүстік сілемдерінің.

Негізгі дерек көзі ретінде 1998 жылдан бүгінгі күнге дейін Үлкен Қаратау жартас суреттерін зерттеудің нәтижесінде автордың қатысуымен ашылған 70-тен астам үлкенді-кішілі жаңа ескерткіштердің арасынан ақпараттық дерек көзі мол 25 орынның материалдары енгізіліп отыр.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Үлкен Қаратау жотасының петроглифтері туралы алғашқы міліметтер XX ғ. басында Түркістан археология ұнатушыларының үйірмесінің В.А. Каллаур, И.Т. Пославский, М.А. Кирхгофтың сынды мүшелерінен түскен болатын. Қаратау петроглифтері арнайы археологиялық тұрғыдан зерттелуі 1969 жылы Отырар оазисінің тарихи-археологиялық проблемасына байланысты зерттеу жұмыстарынан басталды. 1970 жылдардың басында Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясының Қаратау теріскейдегі Арпаөзен, Қойбағар, Қошқар-ата сияқты жартас суреттері бар жаңа орындармен қоса, Баба-ата петроглифтерінде (1962 жылы

Т.Н.Сенигова анықтаған) зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Қаратаудың күнгей бөлігінен Үшөзен Бесарық, Күйкентай жартастарындағы петроглиф, оңтүстік-шығыс бөлігінен Габаевка, Новопокровка петроглифтері анықталады. Нәтижесінде 1977 жылы М.К. Қадырбаев пен А.Н. Марьяшевтың «Наскальные рисунки хребта Каратау» атты еңбегі жарық көрді. Бұл еңбекте алғаш рет Оңтүстік Қазақстанның жартас суреттерінің хронологиялық шеңбері мен ішкі мағыналық мәнін ашып көрсету мәселесі ғылыми түрде талданып, олардың тарихи дерек көзі ретіндегі құндылығын арттыра түсті. 1970 жылдардың алғашқы жартысында С.М. Ақынжанов, Ә.М. Оразбаев сынды археологтар Қаратаудың бірқатар жартас суреттері бар орындарда болып зерттеу мәселесі туралы өз ойларын білдіреді. 1980 жылдары З. Самашев Қаратаудың күнгей бетіндегі Баялдыр, Жыңғылшық петроглиф орындарын ашып, олардың мерзімдік көрсеткіші мен ежелгі дәуірлердегі этникалық процестер мәселесінде болжамдар айтады. 1980-ші жылдардан кейін аймақтың жартас суреттерін зерттеу мәселесі саябырсып қалды.

Үлкен Қаратау өңірінің жартас суреттерінің зерттелу тарихындағы келесі кезең ХҚТУ археология ғылыми-зерттеу институтының атқарған жұмыстарымен тікелей байланысты деп айтуға болады. 1998-2020 жылдар аралығында Қаратау жотасынан автордың қатысуымен жалпы саны 70-тен астам жаңа петроглиф орындары анықталып отыр. Осы жылдар аралығында бірнеше Германия, Оңтүстік Корея, Ресейдің осы саладағы мамандарымен халықаралық экспедициялар ұйымдастырылып, нәтиесінде Самашев З., Чжан Со Хо, Боковенко Н., Мургабаев С.С. бірлескен автролықта 2011 жылы «Наскальное искусство Казахстана» (үш тілде), 2014 жылы Самашев З., Мургабаев С., Елеуов М. «Сауысқандық петроглифтері» (үш тілде) еңбектер жарық көрді. Ә.Марғұлан институты тарапынан 2007 жылы «Мәдени мұра» аймақтық бағдарламасының аясында К.М. Байпақов, А.Н. Марьяшев, Б.Ә. Байтанаевтың бірлескен «Қаратаудың жаңа петроглифтері» және Б.Ә. Байтанаев, С.А. Потапов, А.Н. Грищенконың бірлескен «Боралдай петроглифтері» атты еңбектері жарық көрді.

Дегенде өңірдің бейнелеу өнеріне байланысты ақпараттық құндылығы жоғары жүздеген жаңа деректермен толықтырылуы аймақтың жартас суреттерінің мерзімдік көрсеткіштері, пайда болу ерекшеліктері сияқты мәселелерді қайта қарау немесе толықтырулар енгізудің қажеттіліктері туындап отыр. Ол өз кезегінде суреттердің ішкі мағынасын да басқа қырынан түсіндіруге мүмкіндіктер береді.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі. Диссертациялық жұмыстың басты мәселелері мен негізгі қорытындылары бойынша 27 ғылыми мақала, 2 монография жарық көрді. Оның ішінде Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті бекіткен тізімдегі басылымдарда 10 ғылыми мақала, халықаралық және республикалық конференцияларда 12 мақала, «Scopus» ақпараттық базасына кіретін журналдарда 2 мақала жарияланды, РИНЦ базасына кіретін журналда 3 мақала.

Ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелері 2019 жылы РҒА-ның «Материалдық мәдениет тарихы институтында» (Санкт Петербург қ. РФ) талқылаудан өтіп, жақсы бағаланған болатын.

Зерттеудің қолданыстық маңызы. Зерттеудің нәтижелері қола, ерте темір, ортағасырлық кезеңдердегі Үлкен Қаратаудың жартасқа бейнелеу өнері жайлы топтама еңбектер мен оқулықтар жазуда, жоғарғы оқу орындарына арналған арнайы курстарды оқытуда, тарихи ескерткішердің аймақтық маршруттарын ұйымдастыруға, әртүрлі маңыздылықтағы аймақ тарихына байланысты көрмелер ұйымдастыруға пайдаланылуы мүмкін.

Диссертацияның құрылымы. Диссертация екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде кіріспе, қысқартулар мен белгілеулер, төрт тарау, қорытынды мен пайдаланған әдебиеттердің тізімінен және жеті қосымшадан тұрады.